Салыстырмалы түрде алғанда, таяу арада блокчейн биткоинмен біртұтас құбылыс ретінде қабылданудан қалғанын атап көрсету қажет, оның үстіне блокчейн технологиясы биткоин криптовалютасын шығару мен оның айналымының негізі болып табылады [9].

Биткоин. Биткоинның заңдық табиғаты туралы бірыңғай пікір жоқ, оны тауар ретінде, төлем құралы не қаржы құралы ретінде көрсететін көзқарастар бар[5]. Қаржы және инвестиция саласындағы танымал маман А. Дамодаранның пайымдауынша, биткоин онша сәтті болмаса да, валюта, өйткені оның айырбастау құралы ретінде қолданылуы шектеулі болады, не коллекциялау объектісі. Бұл ретте ол биткоин актив бола алмайды және тауар болып табылмайды деп атап өтеді[6]. Экономист Л. Кристуфека өзінің зерттеулерінде биткоинның тәуекелді инвестицияны білдіретінін атап өтеді [15]. Биткоин Финляндияда, Германияда, Канадада, Жапония мен АҚШ-та төлем құралы ретінде танылды. Бұл ретте биткоинды бірде-бір мемлекет ресми төлем құралының айырбасы ретінде мойындамады. Жапония үкіметі 2017 жылдан бастап криптовалютаны, оның ішінде биткоинды төлем құралы ретінде мойындады және ол валюта болып танылады [16]. Алайда АҚШ-та биткоинды валюта деп мойындамай, есептік-кассалық қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлік қызметке жатқызады. Биткоин заңсыз деп танылған Вьетнам, Қырғыз Республикасы, Исландия, Боливия оған қатысты қарама-қарсы көзқарас ұстанды [15, 188-б.]. Биткоинмен қатар сегіз криптовалюта белгілі, атап айтқанда: эфир (ETH/USD), лайткоин (LTC/USD). Нидерландтың орталық банкі өз криптовалютасын зерттеу жүргізу мақсатында белгіледі [17]. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі өзінің криптова-

---

[4] *«Цифрлық республика туралы» 2016 жылғы 7 қазандағы № 2016-1321 Заң // https://wipolex.wipo.int/ru/legislation/details/16380 (жүгінген күн: 04.05.2020ж.).*
[5] *Цифровая экономика Российской Федерации // http://static.government.ru/media/files/9gFM4FHj4PsB79I5v7yLVuPgu4bvR7M0.pdf.*
[6] *Интернет-портал Аналитического центра при Правительстве Российской Федерации // http://ac.gov.ru/files/publication/a/16530.pdf.*

лютасын енгізу туралы бастама көтермейді, дегенмен, басқа да криптовалюталарды сатып алуға, сатуға және олардың майнингіне рұқсат береді, бірақ оларды жарнамалауға қарсы пікірлер айтады [18].

Ақпараттық технологиялардың белсенді түрде дамуымен интернет-кеңістікте, киберқауіпсіздік саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіруде қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін туындатып отыр.

Киберқауіпсіздік. Зиян келтіретін бағдарламалардың 3%-ы ғана бағдарламалық қамтылымның техникалық тұрғыдан кемістігін пайдаланып қалуға тырысады. Ал қалған 97%-ы пайдаланушының өзіне таныс электрондық пошта мекенжайына сенген аңғалдығын пайдалана отырып[7], құрбанын алдауға және оның өз құпия сөзін өзі хабарлауына мәжбүр етеді[19]. Киберқұқық бұзушылар бопсалау немесе алаяқтық жасау мақсатында пайдалануға болатын, заңмен қорғалатын құпияны қамтитын тиісті құжаттарға қол жеткізу үшін әлеуметтік желінің электрондық поштасына немесе аккаунтына қолжетімділікті пайдаланады.

Осы саладағы заңнаманың жетілдірілмеуі киберқылмыстылыққа қарсы тиімді іс-қимыл жасауға кедергі келтіріп отырғанын атап айту қажет. Мәселен, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі - ҚК) 210-бабында зиянды компьютерлік бағдарламалар мен бағдарламалық өнімдерді шығарғаны, пайдаланғаны немесе таратқаны үшін жауапкершілік көзделген. Қалыптасқан практика бойынша компьютерлік бағдарламаның «зиян келтіруші» деген анықтамасын сарапшылар вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылымның алдыңғы қатарлы өндірушілерінің номенклатурасы жөніндегі зиян келтіруші бағдарламаларды саралаудан бас тартады. Алайда, зиянды компьютерлік бағдарламалардың бәрі бірдей вирус болып есептелмейді және вирустың барлығы зиян келтіруші бағдарлама болып табылмайды. Мысалы, вирус жұқтырған компьютерлердің есептеу қуатын жымқыруға арналған Trojan.BitCoinMiner түріндегі трояндық бағдарламаның түрленуі вирусқа қарсы бағдарламалық қамтылыммен айқындалып, зиян келтіруші бағдарламалар қасиетіне ие болмайды. Екінші жағынан қарағанда, сериялық нөмірлерді (кілттерді) нөмірлік тұрғыдан түрлендіруге арналған, кейіннен оны заңсыз пайдалану мақсатында компьютердің қандай да бір терезесіне енгізу үшін пайдаланылатын keygen.exe (кейген) сияқты бағдарламаға вирусқа қарсы бағдарламалар әсер етпейді, алайда, заңнамаға сәйкес осы бағдарламадан туындайтын, компьютердегі құпия сөзді бұзуға арналған кілті бар файл ақпараттың қорғалуын бейтараптандырып, оған санкциясыз қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін зиян келтіруші бағдарламалар қатарына жатады [19, 139-140-б, 143-б.].

Тағы бір проблема бар. ҚК 210-бабының диспозициясында ақпаратты санкциясыз жоюға, бүлдіруге, өзгертуге, көшірмесін алуға немесе қорғаныш құралын бейтараптандыруға қабілетті компьютерлік бағдарламаларды әзірлеуге, дайындауға бағытталған әрекет ретінде зиян келтіруші бағдарламалар жасауды қарастырады. Заңнамада мұндай бағдарламаларды тарату деп, оған кез келген бөгде адамның электрондық желі арқылы зиян келтіруші бағдарламаға сілтемені қамтитын хабарламаны таратуды, яғни бағдарламаға желімен немесе өзге де тәсілмен рұқсат беретін кез келген әрекетті қоса алғанда, ықтимал тәсілдердің кез келгені арқылы қол жеткізуге рұқсат беру түсініледі. Осы функциялардың бәрі PHP тіліндегі бағдарламалық кодты қамтитын ақпараттан санкциясыз көшірме жасауға арналған компьютерлік бағдарламаларды білдіретіндіктен, «фишинг» сайты орындауға қабілетті екенін атап көрсету қажет. Зиян келтіруші бағдарламаларды жасап, таратудың анықталған қауіп-қатерінің жолын кесу бойынша бүгінгі таңда қабылданған бірден-бір шара - «фишинг» сайттарын бұғаттау нәтиже бермей отыр, өйткені мұнымен жасаушылардың орнына, сайттар әрекетінің жолы ғана кесіледі [19, 140-141-б.].

Қытай Халық Республикасында киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік деңгейде пәрменді шаралар қабылданды. Қытайда 2003 жылы «Алтын қалқан» жобасы іске қосылды, ол кибершабуыл мен заңсыз әрекеттің алдын алу үшін қолданылады.

Францияда 1988 жылғы 5 қаңтардағы Godfrain Заңында киберқылмыстылыққа қарсы күрес бойынша мемлекеттік міндет белгіленді. Осы заңның ережелерін негізге ала отырып, провайдерлер мүдделі тұлғаларға интернет-ресурстардың авторлары туралы ақпарат береді. Сондай-ақ Францияда 1978 жылдан бастап Ұлттық информатика және еркіндік комиссиясы жұмыс істеп келеді, оның құзыретіне информатика саласындағы адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау кіреді. Германияда заңдастырылмаған контентті интернет-ресурстарға орналастыру, егер провайдерлер осындай ақпараттың меншік иесі болса немесе өзге де дереккөздерге сілтеме жасай отырып, әдейі таратса, жауапкершілік осы провайдерлерге жүктеледі. Жапонияда да жауапкершілік жөнінде осыған ұқсас көзқарас қалыптасқан.

[7] *https://digitalguardian.com/blog/social-engineering-attacks-common-techniques-howprevent-attack (жүгінген күн: 04.05.2020ж.).*

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты қызметкерлерінің еңбектерінде ақпараттық жүйелер мен ресурстар қауіпсіздігі мәселесіне назар аударылатынын айта кеткен жөн. Мысалы, бүгінгі таңда барлық инфрақұрылымдар (мемлекеттік болсын, жеке сектор болсын) шетелдік аппараттық және бағдарламалық құралдар пайдаланыла отырып құрылған. Осыған орай Қазақстанның ақпараттық ресурстарын қорғаудың жай-күйі аппараттық және бағдарламалық қамтылымды жеткізетін шетелдіктерге тікелей тәуелді. Осыған байланысты қолданыстағы ҚК пен ӘҚБтК мемлекеттік ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілікті көздейтін құқық бұзушылық құрамдарымен толықтыру, сондай-ақ мемлекеттік емес, мынадай жекеше ақпараттық жүйелерді:

- қашықтықтан банк қызметін көрсететін ақпараттық жүйелерді, банктердің, сақтандыру ұйымдары клиенттерінің дербес деректерін сақтау жүйелері;

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ақпараттық жүйелерінің ақпараттандыру объектілерін де міндетті түрде аттестаттау тәртібін заңнамаға енгізу туралы мәселе қойылады [20].

2016 жылы АҚШ-та «Киберқауіпсіздік саласындағы зерттеулер мен әзірлемелердің стратегиялық федералдық жоспары» (Federal Cybersecurity Research and Development Strategic Plan) қабылданды. Бұл жоспардың ұзақ мерзімді мақсаттары ғылым мен технология саласында артықшылыққа қол жеткізу болып табылады, бұл қарсыластардың шығындары мен тәуекелдерін арттыру, сонымен қатар осы әрекеттен алатын пайдасын анағұрлым төмендету есебінен олардың зиян келтіретін әрекеттерін болдырмауға көмектесер еді.

Жасанды интеллектінің кейбір белгілері бар компьютерлік вирустар арқылы жасалатын киберқылмыстар таяу болашақтың ақиқатына айналуда, бұларға бейімделгіш әрекет (әртүрлі жағдайларда түрліше әрекет етуге мүмкіндік беретін), мутациялар арқылы өздігінен пайда болу (бұл неғұрлым ескі нұсқалар сигнатураларының пайдасыздығын қамтамасыз етеді), мимикрия (заңды бағдарламалармен бүркену) жатады [21].

Жасанды интеллектінің құқық субъектілігі, құқықтық мәртебесі және оны жеткізушілердің әрекеттері үшін жауапкершілігі. Жасанды интеллект (бұдан әрі - ЖИ) жеткізушілеріне (юниттеріне) дербес құқық субъектілігін беру мәселесі ғылыми әдебиетте негізді пікірталас тудыруда. Өзін-өзі тану мен өзін-өзі анықтаудың автономдық критерийлері бойынша С.М. Солайман ЖИ жеткізушілерін жануарлармен салыстырып, екеуі де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыруға қабілетсіз деп есептейді [22]. Ал басқа ғалымдар ЖИ жеткізушілерінің жалған автономдығын атап көрсете отырып, оларды ұйымдармен салыстырады. Мәселен, ЖИ жеткізушісі автономдықты анағұрлым ауқымды түрде пайдалана алады, сондықтан өзінің иесі немесе әзірлеуші оны толықтай бақылай алмауы мүмкін[8]. Үшінші топ «жасанды интеллект юнитіне электрондық тұлғаның құқықтық мәртебесін беру мұндай юниттің автономдығы мен дербестігін танып, оның өз әрекеттері үшін жауапкершілігін жеке және заңды тұлғаларды босатуға емес, керісінше, осындай бағыныштылықты нығайтып, жасанды интеллект юниттері мен олардың артында тұрған нақты адамдарды сәйкестендіру проблемаларын шешуге бағытталуы тиіс» деп есептейді [23]. Ал ғалымдардың төртінші тобының пікірі «электрондық тұлға» құқық объектісі мен субъектісін бір мезгілде интегралдық тұрғыдан ұштастыруды білдіреді дегенге саяды [24]. Бесінші топ «электрондық тұлға» жұмысының құқықтық тетіктері роботтарға құқық субъектілігін бермесе де жүзеге асуы мүмкін дейді [25].

Роботтар мен үшінші тұлғалар арасындағы, сондай-ақ робот пен оның әзірлеушісі, иесі немесе пайдаланушысы арасындағы құқықтық қатынастар заңнамада нақты регламенттелуге тиіс деп пайымдаймыз. Адамды ЖИ-дің теріс әсерінен қорғап-қоршау үшін адамдарға және мүлікке залалын тигізетін жасанды интеллект юниттерін жасаушыларды, өндірушілерді, иеленушілерді, пайдаланушыларды, жалға берушілерді, сондай-ақ жасанды интеллект юниттеріне заңға қайшы залал келтіретін тұлғалар мен ұйымдарды құқықтық бақылауға алып, олардың жауапкершілігін белгілеу қажет [26]. ЖИ жеткізушілерінің қатысуымен болатын деликтілерді қауіптілігі жоғары көздерден келтірілетін зиянның қағидалары бойынша, сондай-ақ өндірушінің сапасыз жасаған тауары (жұмысы) үшін жауапкершілігін енгізу арқылы шешуді ұсынамыз. Өздігінен білім алу функциясы бар ЖИ жеткізушілері бұл қағидаға жатпауы мүмкін. Олардың құқықтық мәртебесі, біздің ойымызша, терең зерделеуді қажет етеді. Роботты пайдаланушылар үшін міндетті сақтандыруды енгізу мәселесі де күн тәртібінде тұр.

Шетелдерде робот өндірушілерге арналған этикалық стандарттар әзірленген. 2018 жылы Германияның көлік министрі «Германиядағы робомобильдерге арналған этикалық

[8] *The Future is here: Artificial Intelligence and Robotics. In: Nishith Desai Associates // http://www.nishithdesai.com/fileadmin/user_upload/pdfs/Research_Papers/Artificial_Intelligence_and_Robotics.pdf (жүгінген күн: 30.04.2020ж.).*

нормалар жинағы» атты баяндамасын ұсынды. Жасанды интеллект жөніндегі Жапония қоғамы (JSAI) ЖИ әзірлеушілері үшін адалдық, адамгершілік, қауіпсіздік, заңдылық, қоғам алдындағы жауапкершілік, жеке өмірді құрметтеушілік сияқты этикалық стандарттарды әзірлеп, ұсынды.

Адам мен ЖИ жеткізушілерінің еңбек қызметі саласындағы өзара іс-қимылының нормативтік негізі Роботтарға арналған этикалық нормаларының корейлік хартиясында, сондай-ақ Жасанды интеллектінің азиломар қағидаттарында (АҚШ, 2017 ж.) серіктес робот адамға зиянын тигізбейді, адам роботты қамқорлығына алады, роботтарды адамзат қызметіне қарсы пайдаланудан бас тартады деп жазылған.

ЖИ мен робот техникасы АҚШ-та автоматтандырылған көлік құралдары және робот техникасын дамыту бағдарламалары саласындағы актілерде реттеледі, даулы мәселелер болса прецеденттік құқықты пайдалану арқылы шешіледі.

Цифрлық технологиялардың дамуы еңбек нарығының өзгеруіне алып келеді. Адам еңбегін заманауи ғылым мен техниканың жетістіктерімен, оның ішінде жасанды интеллектіні пайдалану арқылы машинаның үйретуіне алмастыру еңбек нарығындағы талаптарды өзгертеді [27].

Адам еңбегі мен роботты бөлу. Білім беру жүйесі. Кейбір ғалымдар өндірісте роботтандыру мен жасанды интеллектіні кең көлемде қолдану мүмкіндіктері адамның еңбек ету құқығын және оның нәтижелерін пайдалануды ойландырып қояды деп атап өтеді. Бұл жерде бүкіл еңбек құқығы, алдымен қол еңбегі саласындағы еңбек, содан кейін ақыл-оймен жасалатын еңбек мәселесі туындайды [26, 73-б.]. Цифрлық тұлға (адам) мен жасанды интеллектілі машина (робот) арасындағы бөлініс болашақта олардың құзыреттерін нақты бөлуге негізделетінін атап өту қажет. Машиналарға (роботтарға) - нақты, жеңіл қалыптастырылатын және бағаланатын hardskills (қатаң дағдылар), ал адамдарға (перспективада цифрлық тұлғаларға) дарынға, шығармашылыққа, ерекше еңбек етуге, өзіндік бір шешімдерге негізделген, былайша айтқанда, жұмсақ дағдылар (softskills) берілуі тиіс деп пайымдаймыз. Осыған байланысты біз куәгері болып отырған цифрландыру дәуірінде жоғары білім беру жүйесі мамандарды қатаң (тиімсіз) регламентті негізге ала отырып, стандартты (бір типті міндеттерді) шешімдерді шешу дағдыларына емес, түрлі жағдайларда креативті, стандартқа сай емес шешімдер қабылдауға көмектесетін талдамалық, абстрактілі ойлауға үйретуге тиіс.

Заңтануда сот төрелігін іске асыруда цифрлық технологияларды пайдалану цифрландырудың өзекті мәселесі болып табылады. Мысалы, Сингапурда сот шешімдерін қабылдауды жеңілдету үшін барлық судьялар онлайн-жүйелерді: LawNetLegalWorkbench (заң дерекқоры бойынша зияткерлік іздеу); JODB (соттың жұмыс құжаттары мен жинақтарын қамтитын дерекқор); SINGS (үкім шығару критерийлерін және ақпаратты қамтамасыз ететін үкім шығару қағидаларының жүйесі); IMPRESS (Жоғарғы сот пен жергілікті соттардың шешімдерін тіркейтін жүйе) пайдалану мүмкіндігіне ие [28].

Сот төрелігін іске асыру кезінде ЖИ пайдалануда адам қызметі салалары мен автоматты жүйелерді қатаң бөлуге болады.

Біздің пікірімізше, роботтың құқықтық әрекет жасаған тұлғаны емес, құқықтық әрекетті бағалауы мұндай шешімдердің негізділігі мен әділдігіне және тұтастай тұлғаның негізгі құқықтарының қорғалу жай-күйіне жағымсыз ықпал етуі мүмкін. Осыған байланысты ЖИ тұлғаны бағалауға және айқын логикалық өзара байланысы жоқ, демек, «машинамен өңделуге» жатпайтын субъективті факторларға негізделетін процестік шешімдерді қабылдау мүмкіндігін беруге болмайды. ЖИ элементтері белгілі бір біліктілікті талап етпейтін операцияларды (мысалы, негізгі және қосымша тізімнен алқабилерді іріктеу, процестік шығасыларды есептеу, синхронды аударма, сот отырысының, қашықтықтан жауап алудың хаттамасын жүргізу, үлгі бойынша құжаттар жасау, құқықтық бағалауды талап етпейтін қарапайым құқықтық мәселелер бойынша консультациялар беру, бейнекөріністер арқылы күдікті адамдарды іздестіру және сәйкестендіру) жүргізу үшін пайдалануға болады деп пайымдаймыз.

ҚР Қылмыстық-процестік кодексіне қылмыстық іс бойынша іс жүргізуде цифрлық технологияларды пайдалана отырып, дәлелдемелерді пайдалану туралы нормалар енгізілген. Осылайша, қорғаушы не жәбірленушінің өкілі техникалық құралдар көмегімен сауалнама жүргізуге құқылы. Сауалнама жүргізу техникалық құралдарда тіркеледі және электрондық жеткізгіште сақталады. Одан кейін материалдар қылмыстық іске қоса тігіледі, оларды уәкілетті орган зерттеп, бағалағаннан кейін аталған материалдар дәлелдеме мәртебесіне ие болады (ҚПК 122-бабының үшінші бөлігінің 5-тармағы). Заң шығарушы қылмыстық сот ісін жүргізудің мүдделі қатысушыларына және азаматтарға, ұйымдарға дәлелдемелер ретінде қылмыстық іске қосып тігу үшін электрондық құжат нысанында ақпарат беруге рұқсат береді (ҚПК 122-бабының төртінші бөлігі). Жәбірленушіден және куәдан бейнебайланыс режимінде қашықтықтан жауап алу жүргізу көзделеді (ҚПК 213-бабы). Қылмыстық-процестік кодексте ауыр

науқастардан, мүмкіндіктері шектеулі (мылқау, нашар еститіндер), оның ішінде дене зақымын алғандар және денсаулығынан айырылған адамдардан жауап алу жүргізу тәсілдері көрсетілмегенін атап өту қажет. Тергеуші немесе алдын ала анықтаушы мылқау немесе нашар еститін жәбірленушіден немесе куәдан бейне жауап алуды маман ретінде сурдоаудармашыны тарта отырып жүргізуге, одан соң сурдоаудармашы қол қоятын жауап алу хаттамасын жасауға және бейне жауап алу жазбасын электрондық қылмыстық іс материалдарына қоса тігуге болады деп пайымдаймыз.

Қылмыстық процеске қатысушылар шетелде болған кезде қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету үшін бейне жауап алу жүргізу мәселесі ғылыми тұрғыдан ойластыруды талап етеді. Бұл мәселені әзірленіп жатқан Шанхай ынтымақтастық ұйымының құқықтық көмек және азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы конвенция жобасы шеңберінде шешуге болады деп пайымдаймыз. Мысалы, процеске қатысушылардан бейнебайланыс арқылы (қашықтықтан жауап алу) және Шанхай ынтымақтастық ұйымының құқықтық көмек және азаматтық және қылмыстық істер бойынша құқықтық қатынастар туралы конвенция Тараптарының ішкі заңнамасына сәйкес жауап алынуы мүмкін.

Цифрлық технологиялар уәкілетті органдардың құқық қолдану қызметінде қолданылады. Мысалы, қылмыстық істі ақпараттық автоматтандырылған жүйелерді пайдалана отырып, электрондық форматта жүргізу Грузияда, Молдовада, Украинада, Эстонияда енгізілген. Бельгияның, Германияның, Голландияның, Италияның, Испанияның, Португалияның, Румынияның, Финляндияның заңнамасында цифрлық құжаттарды дәлелдеме ретінде пайдалануға рұқсат етілетіні бекітілген [29].

Қарастырылған шетелдік тәжірибені ескере отырып, Қылмыстық-процестік кодекстің 111-бабының екінші бөлігінде қамтылған дәлелдемелердің тізбесін мыналарды: электрондық-цифрлық нысанда айғақтарды (күдіктінің, жәбірленушінің, куәның, сарапшының, маманның); қорытындыларды (сарапшының, маманның); электрондық заттай дәлелдемелерді; жаңа тергеу және сот әрекеттерінің хаттамаларын қосу арқылы кеңейту ұсынылады.

Құқық шығармашылық қызметте қашықтықтағы нысандарды қолдану ТМД елдерінің заңнамасын жүйеге келтірудің басым бағыттарының бірі болуда [30].

Заңнаманы жүйеге келтіру. «Цифрландыру» құқық нысанына да айтарлықтай ықпал етуде. Оның электрондық нұсқалары көптен бері Интернет желісінде тиісті электрондық базаларда және ақпараттық-анықтамалық жүйелерде («Әділет», «Параграф», «Zan.kz» және т.б.) орналастырылуда. Соңғылар құқық қолданушылар мен қарапайым азаматтар арасында кеңінен танымалдылыққа ие. Бұл, ең алдымен, мұндай ақпараттық ресурстардың ыңғайлылығына байланысты. Осыған байланысты Т.Я. Хабриева: «...нормативтік құқықтық акт, нормативтік мазмұны бар шарт сияқты құқықтың формальды-заң дереккөздерінің «виртуалды дублері», «цифрлық сынары» пайда болуда»... Бұл жай ғана цифрлық көшірме емес, одан да артық дүние, себебі құқықтың формальды-заң дереккөзі мәтінінің электрондық нұсқасы соңғының функциясын атқарады. Заңгерлер заңдық істі шешу кезінде дәл осыдан «құқықты жинайды» деп орынды атап көрсетеді [31]. Одан басқа, дәл осы Ақпараттық-құқықтық жүйеде (бұдан әрі - АҚЖ) нормативтік құқықтық актінің (бұдан әрі - НҚА) электрондық барлығы қолдана алатын нұсқасымен таныса алады.

Цифрландыру жаңа мүмкіндіктерді ұсынып отырған жағдайда АҚЖ-ны әзірлеушілер ақпарат алудың жаңа тәсілдерін, атап айтқанда, НҚА-дағы өзгерістер мен толықтырулар хронологиясын және тағы басқаларды кезең-кезеңімен әзірлейді және оны пайдаланушыларға ұсынады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі А.Ғ. Балаева қазақстандықтарды мемлекеттік органдар ұсынатын мүмкіндіктерді барынша пайдалануға шақырады: «... Қазақстанда төтенше жағдай кезеңінде 800-ден астам мемлекеттік қызмет онлайн көрсетілуде. Олардың барлығы қазақстандықтардың коронавирус пандемиясы кезеңінде қалыпты өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған. Мемлекет алдын ала қамданған маңызды қадамның бірі ... мемлекеттік қызмет көрсетілетін интернет-ресурстарға тегін қол жеткізу болды» [32]. Осы мәселе аясында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК-ның (бұдан әрі - ЗҚАИ) өзіне электрондық түрдегі НҚА-ны, сонымен қатар құқық саласындағы ақпараттық және анықтамалық-әдістемелік сипаттағы өзге де материалдарды қамтитын құқықтық ақпаратқа қолжетімділікті ұсынуға үлесін ерекше атап өту қажет. Бұл ретте құқықтық ақпараттың толықтығы дәрежесіне және сервистік мүмкіндіктерге қарай оларға тегін және коммерциялық негізде қол жеткізуге болады.

ЗҚАИ көп жылдан бері мемлекеттің әділет органдарының негізгі міндеттерінің бірі – құқықтық насихатты қамтамасыз етуді іске асыруда сенімді құралы болып табылады.

Цифрландыру дәуірінде құқықтық ақпаратты ұсынудың әдістері мен тәсілдері де осы ақпаратты қолжетімді ету үшін жаңа техноло-

гияларды енгізуді талап етеді. Осы мақсатта кәсіпорынның қоғамда және нарықта өзін таныта білген бағдарламалық өнімдерін техникалық модернизация тұрақты негізде жүзеге асырылуда.

2018 жылдан бері НҚА-мен жұмыс жасау үшін барлық қажетті құралдары бар Zan.kz онлайн-нұсқасы жұмыс істеуде. Ағымдағы жылы жүйе жетілдірілетін болады, бұл оны жылдам әрі мазмұнды, ал ақпаратты қолжетімді етуге мүмкіндік береді.

Одан басқа, кәсіпорында елімізде аналогы жоқ, барлық құқықтық сұрақтар бойынша консультацияларды тәулік бойы ұсынатын Құқықтық ақпараттық қызмет жұмыс істейді. Бұл жерде мемлекет мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз етуге, халық үшін өтініштеріне сапалы әрі қолжетімді жауап беруге көп көңіл бөлетінін атап өту қажет. Мысалы, Құқықтық ақпараттық қызмет көптеген алаңдар арқылы: қалалық телефондар үшін 119 нөмірі бойынша; Whatsapp – ұялы және өзге де платформалар үшін; кәсіпорын мен Әділет министрлігінің сайтында; «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде консультациялар береді.

Қызмет қызметкерлері жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында 2020 жылдан бастап пайдаланушыларға ақпаратты автоматты режимде алуға мүмкіндік беретін құралдар енгізілді. Техникалық жағынан ол былайша жұмыс істейді: дыбыс беретін робот 119 нөмірі бойынша соғылған қоңырауларды өңдейді, есеп қалыптастырады, бастысы – берілген алгоритмге сәйкес сұрақтың сипатын анықтап, өз бетінше оператормен қоспай-ақ консультация беруге тырысады. Осы роботты үйрету үшін негізгі сөздерден және олардың белгілі бір жауапқа сәйкестігінен тұратын білім базасы іске қосылған. Аталған білім базасын қалыптастыру және оны толықтыру тұрақты негізде жүзеге асырылады.

Осыған ұқсас қағидат бойынша Виртуалды кеңесші де әрекет етеді. Алайда берілетін консультациялар жазбаша түрде жүзеге асырылады. «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінің әрбір пайдаланушысы басты бетте орналасқан Виртуалды кеңесшіге өз сұрағын қойып, тез жауап (білім базасында болған жағдайда) алады. Бұл құралдар Құқықтық ақпараттық қызмет жұмысының тиімділігін арттыруға, оларды егжей-тегжейлі талдауды талап ететін сұрақтарға назар аудару үшін «Жеке куәлікті қалай алуға болады», «... қандай құжаттар керек» және тағы басқа да негізгі сұрақтарға жауаптарды бірнеше рет қайталау қажеттігінен босатуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты мықты ғылыми әлеуетке ие және телефонмен консультация беру арқылы халыққа білікті заң көмегін тегін көрсету бойынша Құқықтық ақпарат қызметі бола отырып, мүдделі халықаралық және шетелдік ұйымдармен, сондай-ақ отандық квазимемлекеттік сектор ұйымдарымен, ғылыми ұйымдармен және даму қорларымен ынтымақтасуға дайын екенін атап өтеміз.

Жоғарыда жазылғандарды қорытындылай келе, жаңа технологиялардың пайда болуымен қоғамның өзгерген тыныс-тіршілігінің тұрмысы құқық реттейтін қоғамдық қатынастар тобының кеңеюіне және, тиісінше, қоғамдық қатынастарды реттеушілер түрінің мазмұнын өзгертуге алып келді. Бұл мән-жай басымдықтарды және ұлттық құқықтың жаңа жағдайларда даму заңдылығын айқындау қажеттігін туындатады. Аталған мәселедегі маңызды рөл заманауи құқықтық доктринаға беріледі, себебі оның теориялық негіздері мен ғылыми тұжырымдамалары цифрлық технологияларды пайдалану саласында қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу тетігінің оңтайлы моделін жасауға ықпал ете алады.

## ӘДЕБИЕТ


*1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссияның қорытынды отырысында сөйлеген сөзі. Нұр-Сұлтан қ., 11.05.2020 ж. // http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-na-zaklyuchitelnom-zasedanii-gosudarstvennoi-komissii-po-chrezvychainomu-polozheniyu (жүгінген күн: 05.05.2020 ж.).*

*2. Карцхия А.А. Цифровая трансформация права // Мониторинг правоприменения. – №1 (30). – 2019. – 26 Б.*

*3. Белгородцева Н.Г. Теоретико-правовые аспекты защиты персональных данных. Автореф. ...канд. юрид. наук. М., 2012. – 11 Б.*

*4. Янкин А.Н. Зарубежный опыт охраны частной жизни в информационной среде в ходе производства по уголовному делу // Евразийская адвокатура. – 2018. – № 3 (34). – 76, 77 Б.; Параскевов А.В., Левченко А.В., Кухоль Ю.А. Сравнительный анализ правового регулирования защиты персональных данных в России и за рубежом // Политематический сетевой электронный научный журнал Кубанского государственного аграрного университета. – 2015. – № 10. – 866 – 894.*

5. Амерханов Р.А. Некоторые вопросы правового регулирования дистанционного способа продажи товаров // https://www.zakon.kz/5003249-nekotorye-voprosy-pravovogo.html (жүгінген күн: 06.05.2020 ж.).

6. Саинская Л.А. Проблемы защиты прав потребителей при дистанционной торговле через сеть «Интернет» // https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-zaschity-prav-potrebiteley-pri-distantsionnoy-torgovle-cherez-set-internet/viewer(жүгінген күн: 06.05.2020 ж.).

7. Гросс Ф. Криминальный Runet. Темные стороны Интернета. М.: Изд-во «Э», 2016. – 31-32 Б.

8. Козин И.С. Метод обеспечения безопасной обработки персональных данных на основе применения технологии блокчейн // Научно-технический вестник информационных технологий, механики и оптики. 2019, № 5. том 19. – 892-900 Б.

9. Харченко О.И. Блокчейн в информационном обществе // Вестник СГСЭУ. – 2018. – № 2 (71). – 28 Б.

10. Сигалов К.Е., Салин П.Б., Чувальникова А.С. Применение технологии блокчейн в праве, политике и государственном управлении // Вестник РУДН. Серия: Юридические науки. – 2018. – № 4. Т. 22. – 571-572 Б.

11. Кузнецов В.П., Бондаренко И.А. Блокчейн в образовании // Россия: тенденции и перспективы развития. 2018. – 858-860 Б.

12. Мейксин С.М. Блокчейн в банковском секторе // Вестник науки и образования. – 2019. – № 4(58). 1-бөлік. – 40-44 Б.

13. Намиот Д.Е., Покусаев О.Н., Куприяновский В.П., Акимов А.В. Приложения блокчейн на транспорте // InternationalJournalofOpenInformationTechnologies. – 2017. – № 12. – 130-134 Б.

14. Минбалеев А.В., Сафронов Е.Г. Правовая природа блокчейн // Вестник ЮУрГУ. Серия «Право». – 2018. Т. 18. – № 2. – 96 Б.

15. Лысенко Ю.В., Рябчук П.Г., Гордеева Д.С. Технологии цифровизации: биткоин // Азимут научных исследований: экономика и управление. – 2018. Т. 7. – № 4(25). – 189 Б.

16. Дравица В., Курбацкий В. Промышленная революция INDUSTRY 4.0 // Наука и инновации. – 2016. – Том 3. - №. 157. – 13-16 Б.

17. Батюк Б.В. Биткоин: станет ли он наднациональной валютой? // https://cyberleninka.ru/article/n/bitkoin-stanet-li-on-nadnatsionalnoy-valyutoy (жүгінген күн: 02.05.2020ж.).

18. Чеботарев А. «Нужен ли Казахстану криптотенге?» // https://kapital.kz/tehnology/81986/nuzhen-li-kazakhstanu-kriptotenge.html (жүгінген күн: 02.05.2020 ж.).

19. Масалаков А.С. Особенности киберпреступлений: инструменты нападения и защита информации. М.: ДМК Пресс, 2018. – 44, 47 Б.

20. Сабиров К.К., Ахмеджанов Ф.Р. Некоторые вопросы законодательного укрепления кибербезопасности в Республике Казахстан // Вопросы кибербезопасности. – 2017. – №3(21). – 59 Б.

21. Тирранен В.А. Преступления с использованием искусственного интеллекта // Развитие территорий. 2019. № 3 (17). – 11 Б.

22. Solaiman S.M. Legal personality of robots, corporations, idols and chimpanzees: a quest for legitimacy // Artificial Intelligence and Law, 2017, vol. 25, no. 2, p. 176.

23. Морхат П.М. Юнит искусственного интеллекта как электронное лицо // Вестник Московского государственного областного университета. Серия: Юриспруденция. – 2018. - № 2. – 66 Б.

24. Bowyer K. Robot Rights: at What Point Should an Intelligent Machine Be Considered a «Person»? // https://techxplore.com/news/2017-02-robot-rights-intelligent-machine-person.html (жүгінген күн: 30.04.2020 ж.).

25. Schrijver S. de The Future Is Now: Legal Consequences of Electronic Personality for Autonomous Robots // Who's Who Legal, 2018 // http://whoswholegal.com/news/features/article/34313/future-now-legal-consequences-electronic-personality-autonomousrobots (жүгінген күн: 30.04.2020 ж.).

26. Кашкин С.Ю., Покровский А.В. Искусственный интеллект, робототехника и защита прав человека в Европейском союзе // Вестник Университета имени О.Е. Кутафина (МГЮА). – 2019. – № 4. – 80 Б.

27. Владимирова Ц.Д. Вызовы информационной экономики: развитие человеческого капитала // Экономика труда. – 2019. – № 3. Том 6. – 1030 Б.

28. Шульгин Е.П. Зарубежный опыт деятельности органов, осуществляющих производство по уголовным делам в электронном формате // Сетевое издание «Академическая мысль». – 2019. – № 4 (9). – 86 Б.

29. Зайцев О.А. Особенности использования электронной информации в качестве доказательств по уголовному делу: сравнительно-правовой анализ зарубежного законодательства // Журнал зарубежного законодательства и сравнительного правоведения. – 2019. – № 4. – 50-55 Б.

30. Липень С.В. Информационные технологии в правотворческой деятельности // LexRussica. – 2009. – № 8 (153). – 111-120 Б.

31. Хабриева Т.Я. Право перед вызовами цифровой реальности // https://izak.ru/img_content/pdf/%D0%9F%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE%20%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%B4%20%D0%B2%D1%8B%D0%B7%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BC%D0%B8%20%D1%86%D0%B8%D1%84%D1%80-%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D0%B9%20%D1%80%D0%B5%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B8.pdf (жүгінген күн: 14.04.2020 ж.).

32. Аида Балаева призвала казахстанцев максимально использовать предоставляемые госорганами возможности на время ЧП // https://toppress.kz/article/60167/aida-balaeva-prizvala-kazahstancev-maksimalno-ispolzovat-predostavlyaemie-gosorganami-vozmozhnosti-na-vremya-chp.

## REFERENCES

1. Vystuplenie Glavy gosudarstva na zaklyuchitel'nom zasedanii Gosudarstvennoj komissii po chrezvychajnomu polozheniyu. g. Nur - Sultan, 11.05.2020 g. // http://www.akorda.kz/ru/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/vystuplenie-glavy-gosudarstva-na-zaklyuchitelnom-zasedanii-gosudarstvennoi-komissii-po-chrezvychainomu-polozheniyu (data obrashcheniya: 05.05.2020 g.).

2. Karckhiya A.A. Cifrovaya transformaciya prava // Monitoring pravoprimeneniya. – №1 (30). – 2019. – S. 26.

3. Belgorodceva N.G. Teoretiko-pravovye aspekty zashchity personal'nyh dannyh. Avtoref. ... kand. yurid. nauk. M., 2012. – S.11.

4. Yankin A.N. Zarubezhnyj opyt ohrany chastnoj zhizni v informacionnoj srede v hode proizvodstva po ugolovnomu delu // Evrazijskaya advokatura. – 2018. – № 3 (34). – S. 76, 77.; Paraskevov A.V., Levchenko A.V., Kuhol' Yu.A. Sravnitel'nyj analiz pravovogo regulirovaniya zashchity personal'nyh dannyh v Rossii i za rubezhom // Politematicheskij setevoj elektronnyj nauchnyj zhurnal Kubanskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta. – 2015. – № 10. – 866 – 894.

5. Amerhanov R.A. Nekotorye voprosy pravovogo regulirovaniya distancionnogo sposoba prodazhi tovarov // https://www.zakon.kz/5003249-nekotorye-voprosy-pravovogo.html (data obrashcheniya: 06.05.2020 g.).

6. Sainskaya L.A. Problemy zashchity prav potrebitelej pri distancionnoj torgovle cherez set' «Internet» // https://cyberleninka.ru/article/n/problemy-zaschity-prav-potrebiteley-pri-distantsionnoy-torgovle-cherez-set-internet/viewer (data obrashcheniya: 06.05.2020 g.).

7. Gross F. Kriminal'nyj Runet. Temnye storony Interneta. M.: Izd-vo «E», 2016. – S. 31-32.

8. Kozin I.S. Metod obespecheniya bezopasnoj obrabotki personal'nyh dannyh na osnove primeneniya tekhnologii blokchejn // Nauchno-tekhnicheskij vestnik informacionnyh tekhnologij, mekhaniki i optiki. 2019, № 5. ¬tom 19. – S. 892-900.

9. Harchenko O.I. Blokchejn v informacionnom obshchestve // Vestnik SGSEU. – 2018. – № 2 (71). – S. 28.

10. Sigalov K.E., Salin P.B., Chuval'nikova A.S. Primenenie tekhnologii blokchejn v prave, politike i gosudarstvennom upravlenii // Vestnik RUDN. Seriya: Yuridicheskie nauki. – 2018. – № 4. T. 22. – S. 571-572.

11. Kuznecov V.P., Bondarenko I.A. Blokchejn v obrazovanii // Rossiya: tendencii i perspektivy razvitiya. 2018. – S. 858-860.

12. Mejksin S.M. Blokchejn v bankovskom sektore // Vestnik nauki i obrazovaniya. – 2019. – № 4(58). Chast' 1. – S. 40-44.

13. Namiot D.E., Pokusaev O.N., Kupriyanovskij V.P., Akimov A.V. Prilozheniya blokchejn na transporte // International Journal of Open Information Technologies. – 2017. – № 12. – S. 130-134.

14. Minbaleev A.V., Safronov E.G. Pravovaya priroda blokchejn // Vestnik YuUrGU. Seriya «Pravo». – 2018. T. 18. – № 2. – S. 96.

15. Lysenko Yu.V., Ryabchuk P.G., Gordeeva D.S. Tekhnologii cifrovizacii: bitkoin // Azimut nauchnyh issledovanij: ekonomika i upravlenie. – 2018. T. 7. – № 4 (25). – S. 189.

16. Dravica V., Kurbackij V. Promyshlennaya revolyuciya INDUSTRY 4.0 // Nauka i innovacii. – 2016. – Tom 3. - №. 157. – S. 13-16.

17. Batyuk B.V. Bitkoin: stanet li on nadnacional'noj valyutoj? // https://cyberleninka.ru/article/n/bitkoin-stanet-li-on-nadnatsionalnoy-valyutoy (data obrashcheniya: 02.05.2020 g.).

18. Chebotarev A. «Nuzhen li Kazahstanu kriptotenge?» // https://kapital.kz/tehnology/81986/nuzhen-li-kazakhstanu-kriptotenge.html (data obrashcheniya: 02.05.2020 g.).

19. Masalakov A.S. Osobennosti kiberprestuplenij: instrumenty napadeniya i zashchita informacii. M.: DMK Press, 2018. – S. 44, 47.

20. Sabirov K.K., Ahmedzhanov F.R. Nekotorye voprosy zakonodatel'nogo ukrepleniya

kiberbezopasnosti v Respublike Kazahstan // Voprosy kiberbezopasnosti. – 2017. – №3 (21). – S. 59.
21. Tirranen V.A. Prestupleniya s ispol'zovaniem iskusstvennogo intellekta // Razvitie territorij. 2019. № 3 (17). – S. 11.
22. Solaiman S.M. Legal personality of robots, corporations, idols and chimpanzees: a quest for legitimacy // Artificial Intelligence and Law, 2017, vol. 25, no. 2, p. 176.
23. Morhat P.M. Yunit iskusstvennogo intellekta kak elektronnoe lico // Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo oblastnogo universiteta. Seriya: Yurisprudenciya. – 2018. - № 2. – S. 66.
24. Bowyer K. Robot Rights: at What Point Should an Intelligent Machine Be Considered a «Person»? // https://techxplore.com/news/2017-02-robot-rights-intelligent-machine-person.html (data obrashcheniya: 30.04.2020 g.).
25. Schrijver S. de The Future Is Now: Legal Consequences of Electronic Personality for Autonomous Robots // Who's Who Legal, 2018 // http://whoswholegal.com/news/features/article/34313/future-now-legal-consequences-electronic-personality-autonomousrobots (data obrashcheniya: 30.04.2020 g.).
26. Kashkin S.Yu., Pokrovskij A.V. Iskusstvennyj intellekt, robototekhnika i zashchita prav cheloveka v Evropejskom soyuze // Vestnik Universiteta imeni O.E. Kutafina (MGYuA). – 2019. – № 4. – S. 80.
27. Vladimirova C.D. Vyzovy informacionnoj ekonomiki: razvitie chelovecheskogo kapitala // Ekonomika truda. – 2019. – № 3. Tom 6. – S. 1030.
28. Shul'gin E.P. Zarubezhnyj opyt deyatel'nosti organov, osushchestvlyayushchih proizvodstvo po ugolovnym delam v elektronnom formate // Setevoe izdanie «Akademicheskaya mysl'». – 2019. – № 4 (9). – S. 86.
29. Zajcev O.A. Osobennosti ispol'zovaniya elektronnoj informacii v kachestve dokazatel'stv po ugolovnomu delu: sravnitel'no-pravovoj analiz zarubezhnogo zakonodatel'stva // Zhurnal zarubezhnogo zakonodatel'stva i sravnitel'nogo pravovedeniya. – 2019. – № 4. – S. 50-55.
30. Lipen' S.V. Informacionnye tekhnologii v pravotvorcheskoj deyatel'nosti // Lekh Russica. – 2009. – № 8 (153). – S. 111-120.
31. Habrieva T.Ya. Pravo pered vyzovami cifrovoj real'nosti // https://izak.ru/img_content/pdf/%D0%9F%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%BE%20%D0%BF%D0%B5%D1%80%D0%B5%D0%B4%20%D0%B2%D1%8B%D0%B7%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BC%D0%B8%20%D1%86%D0%B8%D1%84%D1%80-%D0%BE%D0%B2%D0%BE%D0%B9%20%D1%80%D0%B5%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B8.pdf (data obrashcheniya: 14.04.2020 g.).
32. Aida Balaeva prizvala kazahstancev maksimal'no ispol'zovat' predostavlyaemye gosorganami vozmozhnosti na vremya ChP // https://toppress.kz/article/60167/aida-balaeva-prizvala-kazahstancev-maksimalno-ispolzovat-predostavlyaemie-gosorganami-vozmozhnosti-na-vremya-chp.